ҒТАХР 06.75.02
ӘОЖ 338.1
JEL D81

https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-4-102-115

**Г.Ш. КАЛИАКПАРОВА,*[1]**
PhD.
*e-mail: gk_2003@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-1859-9774
**Е.Е. ГРИДНЕВА,[1]**
э.ғ.к., доцент.
e-mail: elengred@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-3279-2036
**С.В. БЕСПАЛЫЙ,[2]**
э.ғ.к., профессор.
e-mail: sergeybesp@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-7462-5340
**О.С. ГУСЕВА,[3]**
қаржылық талдамашы.
e-mail: olga.gusseva.s@gmail.com
ORCID ID: 0000-0001-7921-5597
[1]Каспий қоғамдық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2]Инновациялық Еуразия университеті, Павлодар қ., Қазақстан
[3]«Argelum» ЖШС, Алматы қ., Қазақстан

# ПАНДЕМИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ӘСЕРІ

**Аңдатпа**

Пандемия әлемдегі елдердің экономикасына жаһандық түзетулер енгізіп, тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге тұтынушылық сұраныстың төмендеуінің негізгі факторы болды. Жұмысынан айырылып қалудан немесе карантинге түсуден пайда болған қорқыныш тұтынушылық шығындардың төмендеуіне әкелді. Тұтынушылық сұраныстың төмендеуі бизнестің қысқаруына әкелді, бұл кәсіпорындардың өз міндеттемелерін төлей алмауы және қарыздарын өтей алмауы, несиелік қабілеттілік төмендеуі сияқты жағымсыз салдарларды тудырды. Компаниялардың табысының төмендеуі мемлекет бюджетіне салық түсімдерінің қысқаруына әкелді. Мақаланың мақсаты – пандемияның еліміздің экономикасына әсерін қарастыру, себебі пандемия кезінде байқалған белгісіздіктің жоғары деңгейі, жағдайдың тұрақсыздығы мен стандартсыздығы экономикаға және әлеуметтік салаға кері әсерін тигізді. Жұмыста Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің 2017-2021 жж. ұлттық статистика бюросының материалдарын пайдалана отырып, экономикалық-статистикалық зерттеу әдістері қолданылды. Пандемияның аса өткір кезеңінде – 2020 ж. ел экономикасын дамытудың негізгі проблемалары және оған сәйкес мемлекет қабылдаған негізгі шаралар сипатталды. Жүргізілген талдау осындай дағдарыс қайталанған жағдайда Қазақстан үшін мүмкін және ықтимал шығындарды көрсететі, сондай-ақ оның салдарлары мен залалдарын азайту үшін қабылдануы тиіс шараларды айқындайды.

**Тірек сөздер:** пандемия, ЖІӨ, тұтынушылық сұраныс, инфляция, Инвестициялар, төлем балансы, халықтың табысы.

## Кіріспе

Тақырыпты таңдаудың негіздемесі, тақырып коронавирустық пандемияға байланысты Қазақстан экономикасының барлық салаларында болып жатқан түзетулермен қызықты, бұл өзгерістердің теріс және оң әсерлері бар. Оларға зерттеу жүргізе отырып, ел экономикасын тезірек тұрақтандыру үшін мүмкін болатын салдарлар мен қажетті әрекеттер туралы қорытынды жасауға болады.

Тақырыптың өзектілігі COVID-19 пандемиясының таралуы Қазақстан экономикасы қызметінің барлық салаларына елеулі әсер еткендігімен негізделген. Оның әсерінен мемлекеттің де, халықтың да табысы, ішкі және сыртқы нарықтардағы тауар айналымы төмендеді. Енгізілген

шектеулерге байланысты экономикалық қызметтің баяулауы, кәсіпорындардың тоқтауы, кейбір жағдайларда экономиканың әртүрлі салаларындағы кейбір компаниялардың толық жабылуы орын алды, бұл жалдамалы жұмысшылардың, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың, жұмыстан босатулардың, еңбекақының қысқаруының, жұмыссыздықтың өсуіне, сондай-ақ халықтың нақты табысының төмендеуіне әкелді.

Зерттеу нысаны пандемия жағдайындағы Қазақстан экономикасы.

Зерттеу пәні Қазақстанның экономикалық саясатын қазақстандық экономиканы тұрақтандыру мақсатында зерттеу.

Жұмыстың мақсаты Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін тұрақсыздандыратын факторларды анықтау және оны зерттеу болып табылады.

Осы мақсатқа сәйкес авторлар келесідей міндеттер қойды: коронавирустың келесід салаларға әсерін зерттеу:корпорациялардың мінез-құлқына (шығындар мен күрделі салымдарды азайту туралы), тауарлар өндірісі мен қызмет көрсету саласына (төмендеу/құлдырау), логистикалық ағындарға (қысқарту, тоқтата тұру), сауда ағындарына (экспорт пен импортты қысқарту); Қазақстан экономикасына COVID-19 әсерінің салдары жөнінде тиісті қорытындылар жасау.

Авторлардың алдына қойылған міндеттерді зерттеу мақсатында жұмыста теориялық және экономикалық-статистикалық зерттеу әдістері қолданылды. Талдау және синтез әдістері пандемия дағдарысына дейінгі және қазіргі дағдарыс кезеңіндегі статистиканы зерттеуде қолданылды. Нақтылау және ұқсастық әдістері сияқты жалпы ғылыми әдістер қалыптасқан жағдайдан шығудың нұсқаларын зерттеуге мүмкіндік береді.

Қойылған міндеттерді шешу мақсатында мақала жазу кезінде негізгі қолданылған тәсілдер: 1) пандемияға байланысты Қазақстан экономикасының өзгеруі мәселелері бойынша ғалым-экономистердің пікірлерін зерттеу; 2) пандемияның Қазақстан экономикасына әсерін талдау үшін статистикалық материалдарды қолдану; 3) экономикалық мәселелерді шешудің негіздемесі; 4) жүргізілген зерттеу бойынша қорытындылар жасау.

Гипотеза. Коронавирустық пандемия, оның барлық салдарымен бірге инфляцияның өсуіне әкелді: компаниялар мен жеке тұлғалардың несиелік қабілеттілігінің төмендеуі, жұмыссыздық деңгейінің жоғарылауы, компаниялардың жабылуы немесе өндірістік белсенділігінің төмендеуі және т.б.

Тәжірибелік маңыздылығы. Коронавирустық пандемия экономикалық өсудің баяулауына, сыртқы сұраныстың төмендеуі нәтижесінде елдің экспортының төмендеуіне, барлық жерлерде болған карантиндік шараларға байланысты компаниялардың өндірістік белсенділігінің баяулауына, ұлттық валюта бағамына девальвацияның қысым жасауына, инфляциялық қысымның әсіресе азық-түлік құрамдас бөлігі тарапынан артуына, жұмыссыздық деңгейінің өсуіне, сәйкесінше кірістердің қысқаруы салдарынан компаниялар мен халықтың несиелік қабілетінің төмендеуіне әкеледі.

**Материалдар мен әдістер**

Мақаланы жазуды жоспарлай отырып авторлар мерзімді баспасөз материалдарының жеткілікті санын, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің ресми сайтындағы Қазақстан экономикасында пандемия кезінде болған өзгерістер туралы мәліметтерді зерттеді.

Мақаланы жазудың әдістемелік негізі диалектикалық және логикалық талдау, экономикалық және статистикалық әдістер, сонымен қатар зерттеудің жүйелік-құрылымдық қағидасы болды. Диалектикалық талдау соңғы бірнеше жылдағы Қазақстан экономикасының дамуындағы болып жатқан өзгерістер құбылыстарының мәнін, оның ішкі және сыртқы факторларын түсіндіруге көмектесті. Логикалық талдау авторлардың зерттелетін тақырып бойынша логикалық негізделген қорытындыларды жасауына алып келді: 2019–2020 жж. Қазақстан экономикасының дамуына теориялық зерттеу жүргізілді. Экономикалық және статистикалық әдістерді қолдану соңғы жылдардағы ЖІӨ серпінінің, Қазақстан Республикасының төлем балансының өзгерістерінің сапалық және сандық сипаттамаларын түсінуге мүміндік берді. Мақала жазудағы жүйелік-құрылымдық тәсіл өзара байланысты және өзара әрекеттесетін себеп-салдарлық байланыстар кешенін логикалық тұрғыда құруға көмектеседі. Мысалы, өнеркәсіптік

кәсіпорындардың өндірістік қуатының төмендеуі тауар айналымының төмендеуіне әкеледі немесе өндірістік қуаттың төмендеуі жұмыссыздыққа, сәйкесінше өндірісте жұмыс істейтін халықтың материалдық әл-ауқатының төмендеуіне әкеледі, бұл өз кезегінде халықтың несиелік қабілетінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

**Негізгі ережелер**

COVID-19 Қазақстан экономикасына өзінің түзетулерін енгізді, оның жағымсыз салдары халықтың көпшілігі үшін жұмыссыздықтың өсуі болды, яғни, еңбекақыны алумен байланысты кірістердің, өндірістік қызметтен және бюджеттік қызметтен түсетін мемлекеттік кірістердің төмендеуіне әкелді. Ковид бизнестің тоқтауына немесе тіпті жабылуына әкелді. Тапсырыс көлемі азайып, тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге сұраныс төмендеді.

Экономикалық жағдайды өзгерту немесе бұрынғы тұрақты кезеңге оралу үшін фискалдық және монетарлық сипаттағы экономиканы тұрақтандыру шараларын қабылдау қажет.

Осыған байланысты ұлттық мүдделерді қорғау, ел тұрғындарының қауіпсіздігін реттеу және қамтамасыз ету, заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге экономикалық тұрақтылықты орнатуға әкелетін өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша мемлекеттік шаралар жүргізу қажет.

**Әдебиетке шолу**

ЖІӨ серпіні, инфляция, халықтың табысы, инвестиция, төлем балансы, несиелер, мемлекеттік бюджет, жаһандық пандемияның Қазақстан экономикасына әсері мәселелері бойынша соңғы уақытта жарияланып жүрген жұмыстардың ішінде, келесі авторларды ерекше бөліп көрсетуге болады: Шумалай Юсуфзай [1], С.Е. Амангелдинова, О.В. Протасова, Л.А. Горковенко [2], М. Кенжеболат [3], Б.Б. Бекбенбетова, А.С. Құлмағанбетова, Т.А. Рахымжанова [4], А. Чукин [5], А.А. Сатыбалдин, Н.Қ. Нұрланова [6] және т.б.

Шетелдік тәжірибеде экономикалық дағдарыстар бойынша зерттеулер көрсеткендей, бұл дағдарыстар әлем елдерінің экономикасы үшін елеулі зиянды салдарлары бар, Carneiro et al (2014) деректеріне сәйкес [7].

Коронавирустық пандемияның дамыған және дамушы елдердің экономикасына әсері мен оның салдарын Ashraf (2020), Dev and Sengupta (2020), Fernandes (2020) [8, 9, 10] сияқты ғалымдар зерттеуде, олардың зерттеулерінде COVID-19 пандемиясының қор нарықтарына және жалпы әлемдік экономикаға кері әсерін тигізгені анықталды.

Financial Times (2020) [11] мәліметтеріне сәйкес, коронавирустық пандемия әлемді жаһандық рецессияға ұшыратты деген консенсус бар. Velde (2020) [12] COVID-19 пандемиясы жарияланғаннан бері экономикалық қызметте сұраныс пен ұсыныста айтарлықтай үзілістер болғанын анықтады. Сонымен қатар, Barro et al. (2020) [13] елдердің репрезентативті іріктеуі бойынша жыл сайынғы жиынтық деректерді пайдалана отырып, пандемиядан болған өлімінің ЖІӨ-ге елеулі теріс әсері мен инфляцияға әсерінің дәлелдерін тауып, бұл нәтижелер Correia (2020) [14] және т.б. деректерінде расталды. Әлемдегі көптеген үй шаруашылықтары жұмыс күшін тартуды азайтуға мәжбүр болды (Martin et al., 2020) [15], сонымен бірге, кәсіпорындар сұраныстың төмендеуіне және белгісіздіктің артуына жауап ретінде өз инвестицияларын қысқартуда.

Fernandes (2020) [10] коронавирустық дағдарыстың салалар мен елдерге экономикалық әсеріне талдау жүргізді. Ол COVID-19-дың әлеуетті жаһандық экономикалық шығындары мен әртүрлі елдердің ЖІӨ өсімін бағалауды ұсынды. 30 елдің іріктеулерін пайдалана отырып, нәтижелер үкіметтің әрекеттерімен түсіндіріліп, осы елдердегі экономикалық өсудің төмендеуін көрсетті. Осы зерттеулермен қатар, Fernandes (2020), Ozili and Arun (2020) [10, 16] экономикалық салдары халық үшін едәуір үлкен болғаны туралы қорытынды жасады, өйткені адамдарды үйлерінде қалуға шақыру, саяхаттауға тыйым салу, авиация саласына, туризм индустриясына әсер етті, спорттық іс-шаралар тоқтатылды және т.б.

Біздің зерттеуіміз осы әдебиеттерді Қазақстан Республикасы үшін COVID-19 дәуіріндегі макроэкономикалық көрсеткіштерді бағалаумен толықтыруға бағытталған. Мақала Қазақстан

Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының материалдарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректеріне негізделген.

## Нәтижелер мен талқылау

Қазақстан экономикасы үшін 2020 ж. шектеу шараларының жылы болды. ЖІӨ-нің әлемдік деңгейі 4,3%-ға, ал халықаралық сауда деңгейі 9%-ға төмендеді. Бұл ретте тікелей шетелдік инвестициялардың 42%-ға төмендеуі байқалады [17].

Қазақстанның ЖІӨ 1991 ж. КСРО-ның күйреуі салдарынан туындаған дағдарыстар, сондай-ақ 1997–1998 жж. азиялық және ресейлік дағдарыс салдарынан туындаған дағдарыстар кезінен бері алғаш рет теріс серпінді көрсетті, мемлекеттің уақытылы және кең ауқымды жүргізген дағдарысқа қарсы шараларының арқасында 2020 ж. қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасының құлдырауы 2,5% құрады (1-сурет). ЖІӨ құлдырауының жоғары көрсеткіші 2020 ж. 2 тоқсанында болды.




Сурет 1 – Қазақстанның ЖІӨ-нің серпіні, %

Ескертпе: [18] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Экономиканың нақты секторында жүргізілген реформалар мен мемлекеттік қолдау оның 2020 ж. 2%-ға тұрақты өсуіне әкелді. Дегенмен 2020 ж. қызмет өндірісі 5,4%-ға төмендеген Бірақ оған қарамастан, ағымдағы жылы қызмет көрсету 5,4%-ға қысқарған. Ауыл шаруашылығының өндірісі, құрылыс және өңдеу өнеркәсібі дамып келеді.

Қызмет көрсету саласы экономикасының құлдырауы келесі салаларда байқалды: көлік және қойма шаруашылығы (-22,7%), көтерме және бөлшек сауда (-3,3%), кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет (-5,4%), әкімшілік қызмет көрсету салалары (-4,5%), басқа қызмет түрлерін көрсету (-17,1%) (1-кесте).

Кесте 1 – Қазақстан экономикасы салаларының өсу/құлдырау қарқыны

| Салалар | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. | 2020 ж. | 2021 ж. |
|---|---|---|---|---|---|
| Тауарлар өндірісі | 6,4 | 4,3 | 4,9 | 2,0 | 3,5 |
| Ауыл, орман және балық шаруашылығы | 3,2 | 3,8 | -0,1 | 5,9 | -2,2 |
| Өнеркәсіп | 7,7 | 4,4 | 4,1 | -0,5 | 3,6 |
| Тау-кен өнеркәсібі | 9,5 | 4,6 | 3,1 | -4,0 | 1,9 |
| Өңдеу өнеркәсібі | 6,1 | 4,5 | 5,8 | 4,0 | 4,7 |
| Құрылыс | 2,8 | 4,6 | 13,2 | 11,6 | 8,3 |
| Көрсетілген қызметтер | 2,5 | 3,9 | 4,4 | -5,3 | 4,4 |
| Көтерме және бөлшек сауда | 3,2 | 7,4 | 7,1 | -3,3 | 4,7 |
| Көлік және қоймалау | 4,8 | 4,6 | 5,4 | -22,7 | 9,9 |

1 кестенің жалғасы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ақпарат және байланыс | 3,2 | 4,1 | 4,5 | 10,5 | 12,3 |
| Қаржы және сақтандыру қызметі | 0,7 | -4,1 | 0,8 | 1,1 | 0,6 |
| Қозғалмайтын мүлікпен операциялар | 2,0 | 3,0 | 2,0 | 0,0 | 2,7 |
| Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет | -2,1 | 3,0 | 1,4 | -5,1 | 1,9 |
| Әкімшілік қызмет көрсету саласындағы қызмет | 1,3 | 2,1 | 2,2 | -4,5 | 0,0 |
| Мемлекеттік басқару, қорғаныс, әлеуметтік қамтамасыз ету | 1,9 | 1,3 | 8,4 | 1,4 | 4,7 |
| Білім беру | 3,4 | 3,8 | 6,5 | 5,6 | 3,2 |
| Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету | 3,0 | 1,4 | 1,9 | 3,7 | 3,2 |
| Басқада қызмет түрлерін ұсыну | 1,8 | 1,9 | 1,3 | -17,1 | 0,4 |
| Жалпы ішкі өнім | 4,1 | 4,1 | 4,5 | -2,5 | 4,3 |
| Ескертпе: [18] дерекөз негізінде авторлармен құрастырылған. | | | | | |

Ішкі сұраныстың жаһандық қысқаруы экономиканың құлдырауына әкелді, бұл жұмыс орындарының қысқаруымен, сондай-ақ табыстың төмендеуімен байланысты. COVID-19-ға байланысты төтенше жағдайдың енгізілуі тұтынушылық сұраныстың едәуір төмендеуіне әкелді, әсіресе 2020 ж. 2-тоқсанында байқалды. Бұл халықтың табысының азаюымен байланысты, ал бұл өз кезегінде бөлшек саудадағы шығындардың төмендеуіне алып келді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі инфляцияның мүмкін деңгейін 5–7% деңгейінде белгіледі. Жеткізілімдердің бұзылуы және ұлттық валютаның құнсыздануы нәтижесінде инфляция Ұлттық Банктің мақсатты диапазонының жоғарғы шегінен асып түсті. Мысалы, 2020 ж. қорытындысы бойынша Қазақстандағы инфляция 2019 ж. 5,4%-ға қарсы 7,5%-ды құрады. Инфляцияның негізгі өсуі азық-түлік инфляциясының өсуіне байланысты болды және ол 2020 ж. 11,3% құрады (бір жыл бұрынғы 9,6%-ға қарсы). Азық-түлікке сұраныс пен бағаның артуының басты себебі – тұрақсыз жеткізілімдермен, тасымалдау мүмкіндігінің қысқаруына байланысты тауарлардың шамадан тыс жиналуы болды.

2020 ж. дүниежүзілік қауымдастыққа ортақ нәрсе азық-түлік бағасының өсуі болды. Бағаның ерекше өсуі нан және нан өнімдері, ауыл шаруашылығы өнімдері: жемістер, көкөністер, ет, сүт және сүт өнімдерінен байқалды. Коронавирус қашықтағы жұмыс режиміне көшуге немесе жұмыс кестесінің қысқаруына, шикізат пен тауарларды уақтылы жеткізудің бұзылуына әкелді. Киімге, аяқ киімге және басқа да халық тұтынатын тауарларға сұраныс төмендеді.

Жалпы тұтынуға арналған азық-түлік тауарларына шекті мәндерді белгілеу жөніндегі мемлекеттік шаралар, осы тауарларға ҚҚС мөлшерін төмендету экономиканың біршама тұрақталуына әкелді.

2021 ж. 26 қаңтарында ел Президенті ағымдағы жылы инфляцияны 4–6% деңгейіне қайтару, 2025 ж. оны 3–4%-ға дейін төмендету туралы өкім шығарды [19].

Пандемия Қазақстанның банк секторына белгілі бір кері әсерін тигізді. Сыртқы қаржыландыруға қолжетімділіктің күрт қысқаруы Қазақстан экономикасының салаларын банктік несиелеудің қысқаруына, кәсіпорындар мен үй шаруашылықтарының қаржылық ресурстарға қолжетімділігін шектеуге әкелді.

Кәсіпорындар мен халық табысының төмендеуі қарыз алушылардың бұрын алған несиелері бойынша төлем жасау мүмкіндігіне кері әсерін тигізді. Несие алушылар – ірі компаниялардан бастап үй шаруашылықтарына дейін өз міндеттемелерін орындауда едәуір күрделі қиындықтарға тап болды.

Нәтижесінде 2020 ж. соңында шетел валютасындағы несиелер жыл басымен салыстырғанда 18%-ға азайса, ұлттық валютадағы несиелер жеке тұлғаларға берілген несиелер есебінен 10%-ға өсті. 2021 ж. ұлттық валютадағы несиелер 30%-ға өссе, шетел валютасындағы өсім небәрі 1%-ды құрады.

Қарыз алушыларға несие төлемдеріне уақытша мораторий енгізу, сондай-ақ қарыз алушылардың несиені өтеу бойынша міндеттемелерін уақытша жеңілдету арқылы қолдау көрсетілді.

Негізгі капиталға инвестициялардың төмендеуі де экономикаға теріс әсер етті, 2020 ж. қортындысы бойынша ол 3,9% қысқарды (2-сурет). Негізгі төмендеулер келесі салаларда орын алды: тау-кен өнеркәсібі (-29,8%), көтерме және бөлшек сауда, автокөліктерді жөндеу (-19,3%), электрмен қамтамасыз ету, газ, будың берілуі және ауаны баптау (-18,3%), қаржылық және сақтандыру қызметі (-15%), тамақтану және өмір сүру бойынша қызметтер (-4,9%). 2021 ж. қорытындысы бойынша негізгі капиталға инвестициялар 3,7%-ға өсті.




Сурет 2 – Қазақстандағы тұрғын үй құрылысына инвестициялар
және негізгі капиталға инвестициялар серпіні, %

Ескертпе: [18] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

2020 ж. инвестицияның өсімі тұрғын үй құрылысына салынған күрделі қаржы есебінен болды, ол көрсетілген кезеңде 2019 ж. 21,2% қарсы 35,1% артты. Бұл сала ұлттық экономиканы терең құлдыраудан сақтап қалған негізгі салалардың біріне айналды. 2021 ж. тұрғын үй құрылысына инвестицияның өсуін ынталандыру жалғасты, бірақ өсу қарқыны төмен болды (+19%).

Сонымен қатар, негізгі капиталға инвестицияларды алатын негізгі салалар өнеркәсіп (тау-кен өндіруді қоса алғанда), құрылыс, сауда, көлік және байланыс болып табылады, олардың үлесіне инвестициялардың жалпы көлемінің шамамен 2/3 бөлігі тиесілі. Қазақстанда негізгі капиталға салынған инвестицияның 3/4 бөлігі негізгі қор есебінен болса, 15% – қарыз қаражаты есебінен, 10% – бюджет есебінен жүзеге асырылады [20].

Қазақстан экономикасына сыртқы факторларда едәуір әсер етті, атап айтқанда мұнай бағасының күрт төмендеуі, шекаралардың жабылуынан басқа мемлекеттермен сыртқы байланыстың шектелуі.

Дүниежүзілік нарықта мұнай бағасының пандемия басталғалы кезең ішінде және бірнеше ай ағымында барреліне 60-тан 22 АҚШ долларына дейін үш есеге жуық жедел төмендеуі мен сыртқы нарықта Қазақстанның мұнай және басқа да шикізат экспортының төмендеуіне байланысты, айтарлықтай қысқа мерзімде теңгенің АҚШ долларына қатысты 20%-ға құнсыздануы орын алды. ҚР Ұлттық банкі қабылдаған шаралар валюта нарығындағы жағдайдың тұрақтануына, мұнай бағасының қалпына келуіне алып келді.

Коронавирус дағдарыс жағдайында Қазақстанда болатын теріс салдарларды анықтады, атап айтсақ: экономиканың импортқа тәуелділігі, елдің энергетикалық ресурстар мен негізгі металдар экспортына тәуелділігі. Сондықтан нақты секторды дамыту маңызды болып табылады.

Күрт төмендеп кеткен мұнай бағасын қалпына келтіруге ҚР-ның Ұлттық банкінің шетел валютасын алмастыру курсын тұрақтандыруға араласуы көмектесті.

Қазақстанның 2020 ж. төлем балансының ағымдағы операциялары бойынша тапшылығы (-) 6,3 млрд АҚШ долларын, 2019 ж. ағымдағы шоттың тапшылығы (-)7,3 млрд АҚШ долларын құрады.

Бұл төмендеу Қазақстан Республикасы мен Қарашығанақ Консорциум арасындағы келіспеушіліктерді реттеуден ақша қаражаттарының 1,3 млрд АҚШ доллары мөлшерінде түсуімен, шетелдік инвесторларға өтемақы төлеуден түсетін кірістердің азаюымен байланысты болды.

2019 жылмен салыстырғанда 2020 ж. сауда балансының профициті тауарлар экспортының тауарлар импортымен салыстырғанда едәуір қысқаруы есебінен 43%-ға 10,3 млрд АҚШ долл. төмендеді (2-кессте).

2020 ж. сауда балансының оң сальдосы 2019 жылмен салыстырғанда 43%-ға азайып, 10,3 млрд АҚШ долларына дейін төмендеді, бұл тауарлар импортының қысқаруымен салыстырғанда тауарлар экспортының едәуір қысқаруына байланысты болды (2-кесте).

Кесте 2 – Қазақстанның төлем балансы

| | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. | 2020 ж. | 2021 ж. |
|---|---|---|---|---|---|
| Ағымдағы шот | -5 092 | -125 | -7 196 | -6 571 | -5 736 |
| Ағымдағы шот ЖІӨ-ге % -бен | -3,1% | -0,1% | -4% | -3,8% | -2,9% |
| Сауда балансы | 16 728 | 25 579 | 18 130 | 10 286 | 20 674 |
| Сауда балансы ЖІӨ-ге % -бен | 10% | 14,3% | 10% | 6% | 10,5% |
| Экспорт | 47 301 | 59 826 | 58 165 | 47 306 | 60 337 |
| Импорт | 30 573 | 34 247 | 40 034 | 37 019 | 39 663 |
| Қызмет өрсету балансы | -3 578 | -4 661 | -3 664 | -3 112 | -1 850 |
| Бастапқы табыс балансы | -18 138 | -21 961 | -22 725 | -15 091 | -24 222 |
| Инвестициялық табыс | -16 772 | -20 512 | -21 257 | -14 318 | -23 226 |
| Қаржылық шот (резервті активтерсіз) | -5 523 | 2 690 | 1 298 | -14 838 | -3 017 |
| Қаржылық шот, ЖІӨ-ге % -бен | -3,3% | 1,5% | 0,7% | -8,7% | -1,5% |
| Тікелей инвестициялар | -3 801 | -4 993 | -5 904 | -5 831 | -1 703 |
| Портфелді инвестициялар | -5 400 | 2 900 | 5 118 | -8 130 | -3 316 |
| Туынды қаржылық құралдар | 115 | 109 | -81 | 71 | 62 |
| Басқада инвестициялар | 3 562 | 4 674 | 2 166 | -948 | 1 941 |
| Қысқамерзімді қарыз құралдары | 3 990 | 2 211 | 2 474 | 1 059 | 5 150 |
| Ескертпе: [19] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған. | | | | | |

Қазақстанның экспортының негізгі бабы – мұнай. Мұнайдың Brent сұрпының әлемдік бағасы 2019 жылмен салыстырғанда 2020 ж. орта есеппен 33,9%-ға арзандады және барреліне 42,3 долларды құрады (2019 ж. орташа есеппен бір баррель үшін 64 доллар). Бұл қазақстандық тауар экспортының бағасының құнының төмендеуінің басты себебі болды.

Тауарлар импорты 2019 ж. көрсеткіш деңгейінен 8%-ға төмендеп, 37 млрд долларды құрады. Шетелден әкелінген тауарлар импортының төмендеуі аралық тауарлар импортының 13%-ға және инвестициялық тауарлардың 10%-ға төмендеуімен байланысты. Сонымен бірге тұтынушылық тауарлар импортының 18%-ға өскені байқалды.

2019–2020 жж. көрсеткіштер тікелей, портфельдік және орта, ұзақ мерзімді инвестициялардан таза капитал ағынын көрсетеді. Ал қысқа мерзімді инвестициялар бойынша капиталдың кетуі байқалады.

2020 ж. тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) бойынша таза капитал ағыны 5,8 млрд АҚШ долларын құрайтын теріс сальдоны құрады, бұл резиденттердің міндеттемелерінің артуына әкелді.

2020 ж. өткен жылмен салыстырғанда елімізге тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) жалпы ағынының 29,8%-ға азайғанын байқап отырмыз, ол 17,1 млрд долларды құрады.

Сонымен қатар, биылғы жылы шикі мұнай мен табиғи газды өндіруге инвестиция көлемінің 43,9%-ға төмендеуі байқалады және ол 6,5 млрд АҚШ долларын құрады, бұл ТШИ жалпы ағынынан 37,8%-ға аз.

Металлургия өнеркәсібіндегі ТШИ инвестициясы (жалпы ТШИ ағынының 14,7%) 10,2%-ға азайып, 2,5 млрд долларға дейін, көтерме және бөлшек саудада, автокөліктерді жөн-

деуде (жалпы ТШИ ағынының 14,9%) 14,6%-ға азайып, 2,5 млрд долларға дейін төмендеді, көлік және қойма шаруашылығы (ТШИ жалпы ағынының 5,1%) 21,4%-ға төмендеп, 0,9 млрд АҚШ долларына, қаржы және сақтандыру қызметінде (ТШИ жалпы ағынының 6%) 0,2%-ға, 1 млрд АҚШ долларына төмендеген. ТШИ жалпы ағыны жүйесінде елдер бойынша көшбасшы болып тұрған Нидерланды (жалпы ТШИ ағынының 30,1%), одан кейін АҚШ (13,1%), Швейцария (10,4%), Ресей Федерациясы (7,1%), Қытай (5,6%), Ұлыбритания (5%), Бельгия (4,6%), Франция (4,1%) және Корея Республикасы (2,7%) болып отыр.

2021 ж. қорытындысы 2020 жылмен салыстырғанда мұнай бағасының өсуіне байланысты төлем балансының ағымдағы шотының тапшылығының азайғанын көрсетті. Бұл кезеңде импортпен салыстырғанда тауарлар экспортының өсімі байқалады.

Пандемия адам капиталының дамуына өз түзетулерін енгізді. Бұл жерде зардап шеккендер халықтың әлеуметтік аз қамтылған тобы болды. Бұл сапалы білім барлығына бірдей қолжетімді болмағандықтан орын алды.

Пандемия жаһандық деңгейде мектепке дейінгі білім беруден бастап жоғары білім беруге дейін бүкіл білім беру жүйесіне әсер етті. Жоғары білімді ерекше атап өткім келеді, өйткені ол өзінің барлық қызметін онлайн форматқа көшіруге дайын емес еді. Барлық оқу бөлімдерінің, оқытушылардың, студенттердің бүкіл оқу жұмысын тез арада қайта құруға тура келді. Осының барлығы жедел цифрландыру қажеттілігін тудырды, бұл өз кезегінде қосымша қаржылық шығындарды тудырды.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік жүргізген зерттеуге сәйкес, қашықтан білім беруді енгізудегі қиындықтардың қатарында платформа жұмысында болған үзілістер ең негізгі мәселе болды. Қажетті техникалық құралдармен жабдықталудың болмауы және профессорлардың оқытушылық құрамы (ОПҚ) кездескен қиындықтың бір түрі ретінде академиялық адалдықтың бұзылуы да атап өтілді. Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің маңыздылығы және жеке қарым-қатынастың болмауы да коммуникативті құзыреттіліктерге кері әсер етеді. Жалпы, қашықтан оқыту форматы тек қиындықтар әкеліп қана қоймай, сонымен бірге осы үдеріске қатысушылардың барлығынан тез бейімделуді талап етті, бұл жұмыс көлемін айтарлықтай арттырды [21].

Бюджетте жиналған жинақтар Қазақстан экономикасын COVID-19 кезеңінде алдын-ала қолдауға мүмкіндік берді.

Дүниежүзілік банктің мәліметі бойынша, COVID-19 салдары он жылдан астам уақыт бойы әсерін тигізетін болады. Білім беру саласындағы шығындар жылына 1,9 млрд АҚШ доллары көлемінде шығынға әкелуі мүмкін, бұл жалпы экономикалық шығынның 2,9% құрайды [22].

Қазақстан пандемияға байланысты бірнеше рет шектеулер енгізді. Қазақстанда коронавирус инфекциясына байланысты алғашқы төтенше жағдай 16 наурыз және 11 мамыр аралығында енгізілген болатын. 5 шілдеде Республика билігі эпидемиялық жағдайдың нашарлауына байланысты бірқатар қосымша шектеулер енгізді. Оларды біртіндеп жеңілдету 17 тамызда басталды. Сонымен қатар, қазан айының ортасынан бастап еліміздің бірқатар облыстарында, сондай-ақ ірі қалаларда – елорда мен Алматыда пандемияның жаңа толқынның алдын алу мақсатында шектеу шаралары қайтадан күшейтілді. 20 желтоқсанда ведомствоаралық комиссия 2020 ж. 25 желтоқсаны мен 2021 ж. 5 қаңтары аралығындағы кезеңде карантиндік шараларды одан әрі күшейту туралы шешім қабылдады [23].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ел бюджетінде жинақталған үнемдеуді пайдалану бойынша енгізген шаралары қазақстандық экономиканы алдын ала қолдауға және елдегі дағдарысты сейілтуге ықпал етті.

Сондай-ақ, COVID-19 таралуының бастапқы кезеңінде жедел түрде пандемияға қарсы іс-қимылды реттеу жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды, оның негізгі мақсаты елде төтенше жағдайды енгізу және карантиндік бақылау, кәсіпорындар мен халыққа көмек көрсету болды.

Халық пен бизнесті қолдауға дағдарысқа қарсы шаралар мен ел экономикасын қалпына келтіруге жалпы сомасы 6,3 трлн теңгені немесе ЖІӨ-нің 9%-ын құрайтын бағдарламалар ықпал етті [19].

2020 ж. үкімет 2021 ж. соңына қарай экономиканың өсімін қалпына келтірудің Кешенді жоспарын шұғыл түрде енгізді, халық пен бизнеске жан-жақты қолдау көрсетіп, әлеуметтік-экономикалық тепе-теңдікті тұрақтандыру шаралары енгізілді.

Кешенді жоспардың мақсаты салықтық жеңілдіктер, қолжетімді несиені тарату, отандық өндірісті қамтамасыз ету және қолдау, халықты жұмыспен қамту арқылы ұлттық экономиканың салаларын қолдау мен қалпына келтірудің тиімді шараларын әзірлеу және жүзеге асыру болды.

2020 ж. шағын және орта бизнесті жеңілдетілген несиелеу жылы болды.

Үкімет тарапынан қазақстандық банктерге халықты және экономиканың маңызды салаларын қолдауға мүмкіндік берілді. Осы кезеңдегі мемлекеттік қолдау шаралары келесілерді қамтыды: айналым қаражатын қаржыландырудың ұлғаюы байқалады, несиелер жеңілдетілген шарттармен қайта қаржыландырылады немесе олар бойынша төлем жүргізу кейінге қалдырылады, несие берудегі салалық шектеулер алынып тасталды, сонымен қатар несие сомасы 7 млрд теңгеге дейін өсті. Бизнесмендерге арналған «Бизнестің жол картасы–2025» бағдарламасы бойынша қарыз қаражатының түпкілікті көлемі 6%-ды құрады. Жеңілдетілген қаржыландыру үлкен көмек болды.

Елімізде кәсіпкерлікті қолдау мақсатында бизнеске түсетін әкімшілік жүктеме төмендетілді, бюджеттік және мемлекеттік басқару белсендірілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен 2020 ж. қазан айына дейін экономиканың зардап шеккен салаларын қолдау мақсатында еңбекақы қорынан салықтар мен әлеуметтік төлемдердің мөлшерлемесі нөлге теңелді. 2020 ж. 1 қазанына дейін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары үшін ҚҚС мөлшерлемесі 12%-дан 8%-ға дейін төмендетілді. Сауда және ойын-сауық орталықтарының, кинотеатрлардың және спорт нысандарының иелері заңды тұлғалардың мүлкіне салық төлеуден босатылды. Микро және шағын бизнес иелері 3 жылға табыс салығынан босатылады. Шаруа және фермер қожалықтарының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлеріне жер салығының мөлшерлемесі нөлге дейін төмендетілді.

Нәтижесінде мемлекет қаржы құрылымдары арқылы кәсіпкерлерге үлкен жеңілдіктер жасады, соның салдарынан зардап шеккен салалардағы қарыз алушылардың 80%-ына несие беру мерзімі ұзартылды, 700 мыңнан астам кәсіпкерге салықтық жеңілдіктер берілді, 40 мың кәсіпкерлік жобаларды қаржыландыру мөлшерлемесі төмендетілді. 4,6 миллионға жуық қазақстандық коронавирус кезеңінде табысынан айырылғандықтан әрқайсысына 42 500 теңгеден төленді [21].

Коронавирустық кезеңдегі экономика дамуының оң үрдісі ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың және онымен байланысты салалардың жедел және тиімді дамуы болды, шұғыл қажеттілікке байланысты медициналық мақсаттағы бұйымдар өндірісі кеңейді. Интернеттің күнделікті өмірге жылдам енуі байқалады: интернет-коммерция, білім беруде де, қызмет көрсетудің көптеген салаларында да онлайн режимі (коммуналдық қызметтерге, телефонға, билеттерді сатып алуға және т.б.) орын алды. Карантиндік шаралар алынып тасталғаннан кейін көптеген компаниялардың қашықтағы форматы сақталды, өйткені халық пен кәсіпорындар бұл қызмет түрін лайықты бағалады. Өз кезегінде, көптеген қызметкерлердің отбасылық жағдайына байланысты осылай жұмыс істегені тиімді болды, жолдағы және кері қайтардағы уақыт үнемделді, ал кәсіпорындар үшін кеңселер босатылады немесе кеңсе жалдау ақысынан ақша үнемделді.

Экономиканы қолдау бойынша барлық шаралар мемлекеттік бюджет шығыстарының ұлғаюына әкелді.

2020 ж. мемлекеттік бюджеттің тапшылығы 2,8 трлн теңгені немесе ЖІӨ-нің 4%-ын құрады. 2019 ж. мемлекеттік бюджет тапшылығы 1,2 трлн теңгені немесе ЖІӨ-нің 1,8%-ын құрады [22]. 2020 ж. бюджет тапшылығының артуы кірістер өсімімен салыстырғанда шығыстар өсімінің артуына байланысты болды. Бюджет тапшылығы мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару есебінен қаржыландырылды.

Қазақстанда 2012–2020 жж. кезеңінде бюджет кірістері ЖІӨ-нің 27%-дан 17%-ға дейін қысқарды, ал шығыстар ЖІӨ-нің 20%-дан 25%-на дейін ауытқыды. Қазақстан бюджетінің негізгі кіріс көзі салықтан түсетін кірістер болып табылады. 2018–2019 жж. бюджет кірісінің үштен бірінен астамы Ұлттық қор трансферттері есебінен қамтамасыз етілді (3-сурет, б. 111).

2020 ж. бюджет түсімдерінің азаюы, ең алдымен, COVID-19 пандемиясымен күрес шеңберінде енгізілген экономикалық қызметке қойылған шектеулер есебінен салық түсімдерінің төмендеуіне байланысты болды [23].




Сурет 3 – Ұлттық қордан бөлінген трансферттер, млрд теңге

Ескертпе: [19] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

2020 ж. Ұлттық қордан алынған қаражат түсімдерге қарағанда көп болды. Дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асыру шеңберінде Ұлттық қордан бөлінген трансферттер едәуір ұлғайтылды, ол 2020 ж. 4,8 трлн теңгені, 2021 ж. 4,5 трлн теңгені құрады. 2022 ж. үкімет 4,6 трлн теңге сұрады.

## Қорытынды

2020 ж. және әсіресе 2020 ж. 2-тоқсаны Қазақстан экономикасы үшін соңғы екі онжылдықтағы ең қиын жыл болды. Қазақстан және тұтастай алғанда әлем бұрын мұндай көлемдегі пандемияны бастан өткерген емес: коронавирустың жылдам таралуын тоқтату үшін экономикалық белсенділікке жаппай шектеулер енгізілді, кәсіпорындардың жабылуы адамдар арасындағы байланыстар мен қозғалысты шектеудің негізгі тәсілі болды.

Коронавирустың Қазақстан экономикасына әсерінің негізгі салдарлары:

- халық шаруашылығының көптеген салаларында, атап айтқанда, тау-кен өнеркәсібінде, көлік-логистика саласында, көтерме және бөлшек саудада, кәсіптік, ғылыми-техникалық қызметте және басқа да салаларда экономикалық белсенділіктің төмендеуі байқалды;
- кәсіпорындардың жабылуымен/тоқтатуымен байланысты халықтың оқшаулануы жолаушы және жүк тасымалының қысқаруына әкелді, транзиттік тасымалдың қысқаруы байқалды, бұл жалпы көлік-логистика саласына теріс әсер етті;
- қозғалысты шектеу және әлеуметтік алыстату шараларының сипаты қызмет көрсету саласына елеулі және теріс әсер етті;
- мұнай бағасының айтарлықтай және күрт төмендеуі ұлттық валютаның құнсыздануына және инфляциялық қысымның, әсіресе азық-түлік инфляциясының күшеюіне әкелді;
- кең ауқымды коронавирустық пандемия және енгізілген қатаң карантин тұтынушылық сұраныс пен тұтынушылық сенімнің төмендеуіне әкеліп соқты, халықтың қазіргі және болашақтағы жағдайы туралы алаңдаушылық сезімі арта бастады;
- кең таралған жаһандық карантин жағдайында сыртқы сұраныстың әлсіздігі, экспорттық кірістің негізгі көзі ретінде мұнай бағасының төмендеуі Қазақстанның сауда балансының қысқаруына және төлем балансының ағымдағы шотының жоғары тапшылығына әкелді;
- айырбас бағамының өзгеруі маңызды тұтыну тауарларына жоғары әсер етудің маңызды себептерінің біріне айналды, импорттық тауарлардың бағасы өсті;
- банк секторының компаниялар мен халықты несиелеуі қысқарды;
- жоғары белгісіздік жағдайында компаниялар шығындарды қысқартуға және қызметкерлерді оңтайландыруға мәжбүр болды, бұл жұмыссыздықтың өсуіне және халықтың нақты кірістерінің төмендеуіне әкелді.

ҚР Үкіметі Қазақстан экономикасын қалпына келтіру шараларын қабылдады, соның арқасында көптеген шағын және орта бизнес өз жұмысын жалғастырып, жақсарта алды. Халыққа мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау қаржылық жағдайдың тұрақталуына өз ықпалын тигізді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шумалай Юсафзай. Влияние COVID-19 на ключевые секторы экономики Казахстана. URL: https://home.kpmg/kz/ru/home/insights/2020/05/covid-key-economy-sectors.html (дата обращения: 10.10.2021)

2 Амангельдинова С.Е., Протасова О.В. Горковенко Л.А. Казахстан в новых реалиях, в период пандемии короновируса // Инновационная экономика: перспективы развития и совершенствования. – 2020. – № 3(45). – С. 13–19.

3 Кенжебулат М. Об экономической ситуации в Казахстане: это общемировая проблема. URL: https://www.inform.kz/ru/madiyar-kenzhebulat-ob-ekonomiches-koy-situacii-eto-obschemirovaya-problema_a3623569. (дата обращения: 7.09.2021)

4 Бекбенбетова Б.Б., Кулмаганбетова А.С., Рахимжанова Т.А. Социально-экономические проблемы Казахстана в условиях пандемии // Современные тенденции и перспективы развития национальных экономик в условиях вызовов мировой пандемии»: междун.науч.-практ.конф. – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020. – С. 136–141.

5 Чукин А. Как пандемия влияет на экономику Казахстана? URL: https://vlast.kz/jekonomika/40168-kak-pandemia-vliaet-na-ekonomiku-kazahstana.html? utm_source=yxnews&utm_medium=desktop (дата обращения: 4.09.2021)

6 Сатыбалдин А.А., Нурланова Н.К., Омаров А.К., Сапарбек Н.К. Развитие экономики Казахстана в условиях пандемии: ограничения, возможности и антикризисные меры // Экономика и финансы. – 2021. – № 11(147). – С. 3–10. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-ekonomiki-kazahstana-v-usloviyah-pandemii-ogranicheniya-vozmozhnosti-i-antikrizisnye-mery/viewer (дата обращения: 6.07.2022)

7 Carneiro A., Portugal P., Varejão J. Catastrophic job destruction during the Portuguese economic crisis // Journal of Macroeconomics. 2014. No. 39. P. 444–457. URL: https://doi.org/10.1016/j.jmacro.2013.09.018 (дата обращения: 4.07.2022)

8 Ashraf B.N. Stock markets' reaction to COVID-19: Cases or fatalities? // Research in International Business and Finance. 2020. No. 54. P. 101–249. URL: https://doi.org/10.1016/j.ribaf.2020.101249 (дата обращения: 4.07.2022)

9 Breman J. The Pandemic in India and Its Impact on Footloose Labour // Ind. J. Labour Econ. 2020. No. 63, P. 901–919. URL: https://doi.org/10.1007/s41027-020-00285-8.

10 Fernandes N. Economic effects of coronavirus outbreak (COVID-19) on the world economy // ESE Business School Working Paper. 2020. No. WP-1240-E. P. 33. URL: https://doi.org/10.2139/ssrn.3557504. (дата обращения: 6.07.2022)

11 Berbenni E., Colombo S. The impact of pandemics: revising the Spanish Flu in Italy in light of models' predictions, and some lessons for the Covid-19 pandemic // J. Ind. Bus. Econ. 2021. No. 48. P. 219–243. URL: https://doi.org/10.1007/s40812-021-00182-1 (дата обращения: 7.07.2022)

12 Poblete-Cazenave M. Simulating the Long-Term Impacts of the COVID-19 Pandemic on the Sustainability of the Population-Economy-Environment Nexus // EconDisCliCha. 2021. No. 5. P. 415–430. URL: https://doi.org/10.1007/s41885-021-00094-3. (дата обращения: 8.07.2022)

13 Pitoyo A.J., Aditya B., Amri I. et al. Impacts and Strategies Behind COVID-19-Induced Economic Crisis: Evidence from Informal Economy // Ind. J. Labour Econ. 2021. No. 64. P. 641–661. URL: https://doi.org/10.1007/s41027-021-00333-x. (дата обращения: 9.07.2022)

14 Walmsley T., Rose A., Wei D. The Impacts of the Coronavirus on the Economy of the United States // EconDisCliCha. 2021. No. 5. P. 1–52. URL: https://doi.org/10.1007/s41885-020-00080-1. (дата обращения: 10.07.2022)

15 Swonk D., Cook L.D., Coronado J. et al. Economists tackle the challenges of a pandemic // Bus Econ. 2020. No. 55. P. 279–288. URL: https://doi.org/10.1057/s11369-020-00186-0. (дата обращения: 11.07.2022)

16 Elliott R.J.R., Schumacher I. & Withagen C. Suggestions for a Covid-19 Post-Pandemic Research Agenda in Environmental Economics // Environ Resource Econ. 2020. No. 76. P. 1187–1213. URL: https://doi.org/10.1007/s10640-020-00478-1. (дата обращения: 12.07.2022)

17 Иргалиев А. Экономика Казахстана в период пандемии, восстановительные меры, поправки в законы и внедрение цифровизации. URL: https://primeminister.kz/ru/news/reviews/ekonomika-kazahstana-v-period-pandemii-vosstanovitelnye-mery-popravki-v-zakony-i-vnedrenie-cifrovizacii-o-chem-govoril-a-irgaliev-na-otchetnoy-vstreche-1155857 (дата обращения: 10.06.2022)

18 Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. URL: https://stat.gov.kz/ (дата обращения: 12.08.2022)

19 Национальный Банк Республики Казахстан. URL: https://www.nationalbank.kz (дата обращения: 12.08.2022)

20 Макроэкономическая ситуация в странах Центральной Азии: как Казахстан, Узбекистан, Киргизия и Таджикистан переживают последствия пандемии COVID-19. URL: https://www.raexpert.ru/researches/int_fin/central_asia_2021/ (дата обращения: 12.06.2022)

21 Негативное влияние COVID-19 на экономику Казахстана – крупнейшее по масштабу за два десятилетия. Доклад Всемирного банка. URL: https://www.vsemirnyjbank.org/ru/news/press-release/2020/07/22/the-covid-19-shock-to-kazakhstans-economy-largest-in-two-decades-world-bank-report (дата обращения: 17.06.2022)

22 Переломный момент кризиса COVID-19. Доклад об экономике Казахстана. URL: https://documents1.worldbank.org/curated/en/890971624952007527/pdf/Turning-the-Tide-on-the-COVID-19-Crisis.pdf (дата обращения: 12.06.2022)

23 Долгий путь к восстановлению после кризиса. Доклад об экономике Казахстана – декабрь 2020. URL: https://www.vsemirnyjbank. org/ru/news/press-release/2020/07/22/the-covid-19-shock-to-kazakhstans-economy-largest-in-two-decades-world-bank-report (дата обращения: 17.06.2022)

**REFERENCES**

1 Shumalay Yusafzay. Vliyaniye COVID-19 na klyuchevyye sektory ekonomiki Kazakhstana. URL: https://home.kpmg/kz/ru/home/insights/2020/05/covid-key-economy-sectors.html (date of access: 10.10.2021) (In Russian).

2 Amangel'dinova S.Ye., Protasova O.V. Gorkovenko L.A. (2020) Kazakhstan v novykh realiyakh, v period pandemii koronovirusa // Innovatsionnaya ekonomika: perspektivy razvitiya i sovershenstvovaniya. – No. 3(45). P. 13–19. (In Russian).

3 Kenzhebulat M. Ob ekonomicheskoy situatsii v Kazakhstane: Eto obshchemirovaya problema. URL: https://www.inform.kz/ru/madiyar-kenzhebulat-ob-ekonomiches-koy-situacii-eto-obschemirovaya-problema_a3623569. (date of access: 7.09.2021) (In Russian).

4 Bekbenbetova B.B., Kulmaganbetova A.S., Rakhimzhanova T.A. (2020) Sotsial'no-ekonomicheskiye problemy Kazakhstana v usloviyakh pandemii // Sovremennyye tendentsii i perspektivy razvitiya natsional'nykh ekonomik v usloviyakh vyzovov mirovoy pandemii»: mezhdun.nauch.-prakt.konf. – Nur-Sultan: Yevraziyskiy natsional'nyy universitet im. L.N. Gumileva. P. 136–141. (In Russian).

5 Chukin A. Kak pandemiya vliyayet na ekonomiku Kazakhstana? URL: https://vlast.kz/jekonomika/40168-kak-pandemia-vliaet-na-ekonomiku- kazahstana.html? utm_source=yxnews&utm_medium=desktop (date of access: 4.09.2021) (In Russian).

6 Satybaldin A.A., Nurlanova N.K., Omarov A.K., Saparbek N.K. (2021) Razvitiye ekonomiki Kazakhstana v usloviyakh pandemii: ogranicheniya, vozmozhnosti i antikrizisnyye mery // Ekonomika i finansy. No. 11(147). P. 3–10. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-ekonomiki-kazahstana-v-usloviyah-pandemii-ogranicheniya-vozmozhnosti-i-antikrizisnye-mery/viewer (date of access: 6.07.2022) (In Russian).

7 Carneiro A., Portugal P., & Varejão J. (2014). Catastrophic job destruction during the Portuguese economic crisis // Journal of Macroeconomics. No. 39. P. 444–457. URL: https://doi.org/10.1016/j.jmacro.2013.09.018 (date of access: 4.07.2022) (In English).

8 Ashraf B.N. (2020). Stock markets' reaction to COVID-19: Cases or fatalities? // Research in International Business and Finance. No. 54, P. 101–249. URL: https://doi.org/10.1016/j.ribaf.2020.101249. (date of access: 4.07.2022) (In English).

9 Breman J. (2020). The Pandemic in India and Its Impact on Footloose Labour // Ind. J. Labour Econ. No. 63, P. 901–919. URL: https://doi.org/10.1007/s41027-020-00285-8. (date of access: 4.07.2022) (In English).

10 Fernandes N. (2020) Economic effects of coronavirus outbreak (COVID-19) on the world economy // ESE Business School Working Paper. No. WP-1240-E, P. 33. URL: https://doi.org/10.2139/ssrn.3557504. (date of access: 6.07.2022) (In English).

11 Berbenni E., Colombo S. (2021). The impact of pandemics: revising the Spanish Flu in Italy in light of models' predictions, and some lessons for the Covid-19 pandemic // J. Ind. Bus. Econ. No. 48, P. 219–243. URL: https://doi.org/10.1007/s40812-021-00182-1 (date of access: 7.07.2022). (In English).

12 Poblete-Cazenave M. (2021). Simulating the Long-Term Impacts of the COVID-19 Pandemic on the Sustainability of the Population-Economy-Environment Nexus // EconDisCliCha. No. 5, P. 415–430. URL: https://doi.org/10.1007/s41885-021-00094-3. (date of access: 8.07.2022) (In English).

13 Pitoyo A.J., Aditya B., Amri I. et al. (2021). Impacts and Strategies Behind COVID-19-Induced Economic Crisis: Evidence from Informal Economy // Ind. J. Labour Econ. No. 64, P. 641–661. URL: https://doi.org/10.1007/s41027-021-00333-x. (date of access: 9.07.2022) (In English).

14 Walmsley T., Rose A. & Wei D. (2021). The Impacts of the Coronavirus on the Economy of the United States // EconDisCliCha. No. 5, P. 1–52. URL: https://doi.org/10.1007/s41885-020-00080-1. (date of access: 10.07.2022) (In English).

15 Swonk D., Cook L.D., Coronado J. et al. (2020). Economists tackle the challenges of a pandemic // Bus Econ. No. 55, P. 279–288. URL: https://doi.org/10.1057/s11369-020-00186-0. (date of access: 11.07.2022) (In English).

16 Elliott R.J.R., Schumacher I. & Withagen C. (2020). Suggestions for a Covid-19 Post-Pandemic Research Agenda in Environmental Economics // Environ Resource Econ. No. 76, P. 1187–1213. URL: https://doi.org/10.1007/s10640-020-00478-1. (date of access: 12.07.2022) (In English).

17 Irgaliyev A. The economy of Kazakhstan during the pandemic, recovery measures, amendments to laws and the introduction of digitalization. URL: https://primeminister.kz/ru/news/reviews/ekonomika-kazahstana-v-period-pandemii-vosstanovitelnye-mery-popravki-v-zakony-i-vnedrenie-cifrovizacii-o-chem-govoril-a-irgaliev-na-otchetnoy-vstreche-1155857 (date of access: 06/10/2022) (In Russian).

18 Byuro natsional'noy statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan. URL: https://stat.gov.kz/ (date of access: 12.08.2022) (In Russian).

19 Natsional'nyy Bank Respubliki Kazakhstan. URL: https://www.nationalbank.kz (date of access: 12.08.2022) (In Russian).

20. Makroekonomicheskaya situatsiya v stranakh Tsentral'noy Azii: kak Kazakhstan, Uzbekistan, Kirgiziya i Tadzhikistan perezhivayut posledstviya pandemii COVID-19. URL: https://www.raexpert.ru/researches/int_fin/central_asia_2021/(data obrashcheniya: 12.06.2022) (In Russian).

21 Negativnoye vliyaniye COVID-19 na ekonomiku Kazakhstana – krupneysheye po masshtabu za dva desyatiletiya: Doklad Vsemirnogo banka. URL: https://www.vsemirnyjbank.org/ru/news/press-release/2020/07/22/the-covid-19-shock-to-kazakhstans-economy-largest-in-two-decades-world-bank-report (date of access: 17.06.2022) (In Russian).

22 Perelomnyy moment krizisa COVID-19. Doklad ob ekonomike Kazakhstana. URL: https://businessfm.kz/ business/vsemirnyj-bank-opublikoval-doklad-ob-ekonomike-kazahstana-leto-2021-perelomnyj-moment-krizisa-covid-19 (date of access: 12.06.2022) (In Russian).

23 Dolgiy put' k vosstanovleniyu posle krizisa. Doklad ob ekonomike Kazakhstana – dekabr' 2020. Vsemirnyy Bank. URL: https://documents1.worldbank. org/curated/en/409241610093472618/pdf/Kazakhstan-Economic-Update-A-Slow-Recovery-Through-the-COVID-19-Crisis.pdf (date of access: 17.06.2022) (In Russian).

**Г.Ш. КАЛИАКПАРОВА,*[1]**
PhD.
*e-mail: gk_2003@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-1859-9774
**Е.Е. ГРИДНЕВА,[1]**
к.э.н., доцент.
e-mail:elengred@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-3279-2036
**С.В. БЕСПАЛЫЙ,[2]**
к.э.н., профессор.
e-mail: sergeybesp@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-7462-5340
**О.С. ГУСЕВА,[3]**
финансовый аналитик.
e-mail: olga.gusseva.s@gmail.com
ORCID ID: 0000-0001-7921-5597
[1]Каспийский общественный университет, г. Алматы, Казахстан,
[2]Инновационный Евразийский университет, г. Павлодар, Казахстан,
[3]ТОО «Argelum» Алматы, Казахстан

# ВЛИЯНИЕ ПАНДЕМИИ НА ЭКОНОМИКУ КАЗАХСТАНА

**Аннотация**

Пандемия внесла глобальные коррективы в экономики разных стран и стала основным фактором снижения потребительского спроса на товары, работы и услуги. Страх потерять работу или попасть на карантин привел к снижению потребительских расходов. Снижение потребительского спроса повлекло за собой

сокращение бизнеса, что породило другие негативные последствия, такие как невозможность предприятий платить по своим обязательствам и погашать долги, снижение кредитоспособности. Спад прибыльности компаний привел к сокращению поступлений налогов в бюджет государства. Цель статьи – рассмотреть влияние пандемии на экономику нашей страны, так как высокий уровень неопределенности, наблюдавшийся в период пандемии, нестабильность и нестандартность ситуации негативно отразились на экономике и социальной сфере. В работе применены методы экономико-статистического исследования с использованием материалов Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан за 2017–2021 гг. Раскрыты основные проблемы развития экономики страны в наиболее острый период пандемии – в 2020 г., также описаны основные меры, которые приняло государство. Проведенный анализ отражает возможные и потенциальные потери для Казахстана на случай повторения аналогичного кризиса и меры, которые следует предпринять для минимизации последствий и уменьшения ущерба в дальнейшем.

**Ключевые слова:** пандемия, ВВП, потребительский спрос, инфляция, инвестиции, платежный баланс, доходы населения.

**G.SH. KALIAKPAROVA,*[1]**
PhD.
*e-mail: gk_2003@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-1859-9774
**Y.E. GRIDNEVA,[1]**
c.e.s., associate professor.
e-mail: elengred@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-3279-2036
**S.V. BESPALY,[2]**
c.e.s., professor.
e-mail:sergeybesp@mail.ru
ORCID ID: 0000-0002-7462-5340
**O.S. GUSEVA,[3]**
financial analyst.
e-mail: olga.gusseva.s@gmail.com
ORCID ID: 0000-0001-7921-5597
[1]Caspian Public University, Almaty, Kazakhstan
[2]Innovative University of Eurasia, Pavlodar, Kazakhstan
[3]Argelum LLP, Kazakhstan, Almaty

# IMPACT OF THE PANDEMIC ON THE ECONOMY OF KAZAKHSTAN

**Abstract**

The pandemic has made global adjustments to the economies of different countries and has become the main factor in reducing consumer demand for goods, works and services. Fear of losing a job or being quarantined has driven down the consumer spending. The decline in consumer demand led to a reduction in business, which gave rise to other negative consequences, such as the inability of enterprises to pay their obligations and repay debts, and a decrease in creditworthiness. The decline in the profitability of companies led, to a reduction in tax revenues to the state budget. The purpose of writing the article was to consider the impact of the pandemic on the economy of our country, since during the pandemic the high level of uncertainty was observed, the instability and non-standard situation had a negative impact on the economy and social sphere.The paper applied the methods of economic and statistical research using the materials of the National Statistics Bureau of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan for 2017–2021.The scientific work reveals the main problems of the development of the country's economy in the most acute period of the pandemic – in 2020, and also describes the main measures taken by the state.The carried out analysis reflects the possible and potential losses for Kazakhstan in the event of a recurrence of a similar crisis, and the measures that should be taken to minimize the consequences and reduce damage in the future.

**Key words:** pandemic, GDP, consumer demand, inflation, investment, balance of payments, household income.